



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ ж.

«__» _____ 2024 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге (бұдан әрі – Қызметтер), ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындаған жағдайда осы Шарт талаптары негізінде Қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта бас әріппен жазылған төменде келтірілген терминдер мен анықтамалар келесі мағынада қолданылған: 1) «Шарттың жалпы сомасы» - Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген, шарттың түгелдей қолданылу мерзіміне есептелген және өзгертуге жатпайтын сомасы. 2) «Құпия ақпарат» - үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, еркін қол жеткізуге болмайтын және Орындаушы осы Шарт бойынша немесе оған байланысты алған, шарттың мазмұнын қоса алғанда, Тапсырыс берушінің қаржылық, техникалық және өзге де ақпаратын қамтитын құжаттама және басқа да ақпарат (оның ішінде жазбаша, ауызша, электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты қосқанда, алайда олармен шектелмей). 3) «Қызметтер» - П-1/1, П-1/2, П-2 пештерінің катушкаларын гидромеханикалық тазалау және құбырлардың ішкі бетін гидроағынды тазарту бойынша және техникалық Техникалық сипаттамада (Шарттың №1,2 қосымшасы) келтірілген қызметтер. 4) «Акті» – Орындаушының Қызметтерді көрсету фактісін және Тапсырыс берушінің оларды қабылдағанын растайтын Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрлер таңбасымен куәландырылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі. Актіге қол қойылған күн Қызметтер көрсету күні болып табылады; 5) «Техникалық сипаттама» - осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың №2 Қосымшасында Тараптар айқындаған Орындаушы көрсететін Қызметтердің тізбесі, сипаттамасы және талаптары; 6) «Тапсырыс берушінің өкілі» - Шартты орындау шеңберінде Тапсырыс беруші оған жүктеген міндеттерді орындау үшін Тапсырыс беруші тағайындаған, Тапсырыс берушінің атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті кез келген тұлға; 7) «Орындаушының өкілі» - Шартты орындау шеңберінде Орындаушы оған жүктеген міндеттерді орындау үшін Орындаушы тағайындаған, Орындаушы атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті кез келген тұлға;

1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген шарттың жалпы сомасынан жергілікті қамтудың жоспарлық үлесі _____ % құрайды.

1.4. Қоршаған ортаға жасалған эмиссияға байланысты қызметтерді көрсету кезінде Орындаушы қоршаған ортаға эмиссия жасауға рұқсат алуы тиіс.

1.5. Осы Шартқа арналған қосымшалар тізбесі:

1.5.1. №1 қосымша – Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесі.

1.5.2. №2 қосымша – Техникалық сипаттама.

1.5.3. №3 қосымша - Елішілік құндылық бойынша есептілік нысаны;

1.5.4. №4 қосымша – Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология саласындағы келісім.


1.5.5. №5 қосымша – «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар.

1.5.6. №6 қосымша – Орындаушының басшылыққа алуына міндетті болып табылатын Тапсырыс берушінің құжаттамасымен Орындаушының жазбаша келісімі.

1.5.7. № 7 қосымша -«Санкциялық ескертпе».

1.5.8. №8 қосымша – Қызметтердің құны.

1.6. Тапсырыс беруші мен Орындаушы «Санкциялық ескертпе» деген №_7 қосымшасының талаптарын орындауға міндеттенеді.





1.7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология саласындағы келісім» деген № 4 Қосымшасына сәйкес «Тапсырыс берушінің аумағында қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

1.8. Жұмыскерлермен еңбек қатынастары саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде Шарттың «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген № 5-қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға міндетті.

1.9. Шарт талаптарының орындалуын бақылау мақсатында Тараптар осы Шартты орындау кезінде тараптардың іс-әрекеттерін үйлестіруге (осы Шартқа және оның қосымшаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоспағанда) уәкілетті өкілдерді тағайындайды. Тараптар осы Шарт бойынша Өкілдерді тағайындау немесе ауыстыру туралы бір-бірін тағайындау немесе ауыстыру күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндеттенеді.

1.10. Орындаушы қызметтің осы түрін көрсету үшін даярланған білікті персоналы, жұмыс тәжірибесі, уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары, лицензиялары барына кепілдік береді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Қызметтердің құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде белгіленеді. Төлем валютасы: теңге. Төлем жүргізу формасы – Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару.

2.4.1. Қызметтердің құны оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа №8 Қосымшада көрсетілген.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактуралар.

2.5.3. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі.

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін қызметтердің құны ұлғайту бағытында, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және Тәртіппен көзделген жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді. Қазақстан Республикасының салықтарға қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді. Орындаушы келесі айдың бірінші күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге соңғы шот-фактураны және көрсетілген Қызметтер үшін тиісті кезеңге актіні ұсынады.


2.8. Төлемге шот-фактураны және/немесе басқа құжаттарды уақытылы ұсынбау Тапсырыс берушіні төлемді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатады.

2.9. Тараптар актіге қол қойған сәттен бастап Орындаушының қызметтері орындалған болып есептеледі.

2.10. Тапсырыс берушінің банктердегі барлық банкілік шығыстарын тапсырыс беруші, ал Орындаушының банктердегі банкілік шығыстарын Орындаушы төлейді. Корреспондент банк үшін комиссия ақша жіберуші есебінен төленеді.

2.11. Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын барлық салықтар қызметтердің құнына кіреді.

2.12. Егер Орындаушы Шарттың жалпы сомасында Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау үшін қажетті жеке (соның ішінде күтпеген) шығындарын қарастырмаса, қызметтердің қымбаттау қаупін және/немесе кез





келген қосымша сомаларды төлеу міндетін Орындаушы көтереді.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Орындаушы қызметтер көрсетуге арналған өтінімде көрсетілген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Шартта келісілген қызметтерді көрсетуді өз мойнына алады. Қызметтер көрсетудің басталуы Тапсырыс беруші Орындаушының мекенжайына жіберген жазбаша хабарламада көрсетілген. Тапсырыс беруші қызметтер көрсетуге арналған өтінімді қызметтер көрсету күні басталғанға дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей жібереді.

3.3. 3 Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша Шарттың жалпы құнынан 3 % мөлшерінде өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар шарттың орындалуын банк кепілдігі, ақшалай жарна, сақтандыру шарты түрінде қамтамасыз етуді енгізуге. Бұл міндеттеме Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда Орындаушыға қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайларын қоспағанда. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонхат, телетайбағдарлама, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіпте бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.4. Шарт шеңберінде көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылықты электрондық құжат нысанында есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің соңғы актісімен бірге ұсынылады;

4.1.5. Шарт талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасына қатысты Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін талап етуге құқысыз.

4.1.6. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;


4.1.7. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.8. Қызмет көрсету кезінде Мердігер жұмыскерлерінің және тартылатын қосалқы мердігер ұйымдардың жұмыскерлерінің қауіпсіздік техникасы, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өзге де нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуі тиіс. Жұмыстарды жүргізу/қызмет көрсету аумағын және уақытша алаңдарды таза ұстау керек. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету барысында және олар аяқталғаннан кейін Мердігердің қызметінен пайда болатын қалдықтарды, соның ішінде бөлшектеу жұмыстарынан түзілетін қалдықтарды және түсірілген материалдың қалдықтарын Мердігердің контейнерлеріне жинап, Тапсырыс берушінің аумағынан мамандандырылған кәсіпорынға өз қаражаты есебінен және өз күшімен шығаруы қажет. Металл сынықтары мен пайдаланылған майлардың қалдықтары пайда болған жағдайда, Орындаушы осы қалдықтарды Тапсырыс берушіге береді. Лак-бояу немесе басқа да экологиялық қауіпті заттар ағып, жер беті ластанған кезде Мердігер ластанған жер бетін тазартуға байланысты барлық шығындарды көтереді.

4.1.9. Осы шарт шеңберінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін үшінші тұлғалар алдында жауапты болуға;

4.1.10. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.11. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі





нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.12. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.13. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.14. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.15. Тапсырыс беруші өкілінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушіге шарттық міндеттемелерді орындау бойынша өз қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде қос Тараптың уәкілетті өкілдерімен келісілген нысандар (ақпараттар, есептіліктер) және мерзімдер шегінде сұраныс бойынша статистикалық мәліметтерді, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындайтын Орындаушы және қосалқы мердігерлері жұмыскерлерінің азаматтығын және әр лауазымы бойынша төленген жалақы сомасын және Орындаушы/қосалқы мердігер жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеуге қатысты басқа да мәселелерді көрсете отырып, олардың саны мен лауазымдары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті. Бұл ретте, Орындаушы жұмыскерлердің жеке деректерін қорғау бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға қажетті барлық шараларды өзі қабылдайды.

4.1.16. Қызметтерді көрсету кезінде өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қорғау шараларын сақтауға, шарттың 4.3.6-тармағында көрсетілген Тапсырыс беруші кәсіпорнында қолданылатын ішкі нормативтік актілердің, регламенттік рәсімдердің, ережелердің талаптарын қатаң орындауға;

4.1.17. Қызметтер көрсетуге қажетті отандық Тауарларды, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген болса, мұндай Тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемені ұсына отырып сатып алуға;

4.1.18. Тапсырыс берушіге залал келтірмеуге, сонымен қатар нәтижесінде Тапсырыс берушіге залал келтірілуі мүмкін келісімдерді үшінші тұлғалармен жасамауға;

4.1.19. Қызмет көрсетуді аяқтағаннан кейін соңғы көрсетілген қызметтер актісімен бірге Тапсырыс берушіге қызметтегі елішілік құндылық үлесінің нақты есебін Шарттың №3-қосымшасының нысаны бойынша ұсынуға;


4.1.20. Қызметтердегі елішілік құндылық үлесі туралы ұсынылған ақпараттың шүбәсіздігіне кепіл беруге міндеттенеді. Орындаушы елішілік құндылық үлесі туралы ақпаратты дұрыс бермеген жағдайда Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.21. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз жұмыскерлерінің еңбек талаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар Орындаушының жұмыскерлері ҚР заңнамасын, соның ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауына жүйелі түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;

4.1.22. Еңбекақы төлеу саласында Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Орындаушы/қосалқы мердігер жұмыскерлері арасында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.23. Осы Шарттың «Еңбек қатынастары саласында мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген №5 қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға;

4.1.24. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасынан 3 (үш) % көлемінде енгізуге. Шартты орындауды қамтамасыз ететін банк кепілдігі, ақшалай жарна немесе сатып алулар туралы шартты толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар сақтандыру шарты Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылданады. Банк кепілдігі электронды түрде шығарылып, Тапсырыс берушінің мекенжайына банк жүйесі бойынша ерекше Swift форматында хабарлама жіберу арқылы ұсынылуы мүмкін. Кепілдік қағаз тасығышта шығарылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шығарылған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Swift жүйесін пайдалана отырып, Тапсырыс берушінің банкі арқылы кепілдікті шығару туралы растаманы жіберуге тиіс. Кепілдік мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Кепілдікті Standard & Poor's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтеріне сәйкес деңгейі «В-» кем емес несиелік рейтингі бар банк шығаруы тиіс. Кепілдік Кепілдіктер үшін біріздендірілген қағидаларға бағынуы қажет, МТП басылымы URDG 758, ред. 2010ж. Кепілдікті шығаруға және растауға кеткен шығындарды Орындаушы өз қаражатынан төлейді. Банк кепілдігі бойынша ақшалай қаражатты төлеуге байланысты барлық шығындарды ақша жіберуші төлейді. Сақтандыру шартын төлеуге қабілетті және қаржылық-тұрақты болып табылатын сақтандыру ұйымы беруге тиіс. Сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде сақтандыру ұйымының пруденциалық нормативтерді сақтауы төлем қабілеттілігін және қаржылық-тұрақтылықты растау болып қабылданады. Сақтандыру шарты нөлдік шартты түрдегі франшиз талаптарымен қол қойылуы тиіс. Сақтандыру шартының мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Орындаушы осы Шартта көрсетілген Тапсырыс





берушінің есеп айырысу шотына ақшалай жарнаны аударуы тиіс. Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартты жасасқан күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші жасалған шартты біржақты тәртіпте бұзады және «Самұрық-Қазына» АҚ Холдингінің сенімсіз әлеуетті Өнім берушілерінің тізбесіне мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіпте Орындаушы туралы ақпаратты жібереді, әлеуетті Өнім беруші енгізген тендерлік өтінімнің қамтамасыз етілуі ұсталынады.

4.1.25. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.26. Осы Шарттың барлық қолданылу кезеңіне тиісті жұмыскерлерге Шарттың тендерлік өтінімінде көрсетілген еңбекақыларды белгілеу. Осы міндеттемелердің орындалуын растау үшін, Орындаушы тоқсан сайын, ағымдағы тоқсан аяқталғанға дейін, екі жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушіге Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірмелер беруге міндетті. * (Тендерлік құжаттамада қызметкерлер еңбекақыларының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде)

4.1.27. Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлердің еңбекақылары мен әлеуметтік қолдауға арналған шығындарын ұлғайтуға. *(Тендерлік құжаттамада жұмыскерлер еңбекақыларының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде).

4.1.28. Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілген, жиынтығында көрсетілетін қызметтер/жұмыстар көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ аспайтын жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемін сақтауға міндетті. Қосалқы мердігерлердің құрамын өзгерту қажет болған жағдайда (мәлімделген шекті көлемдер шеңберінде) Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні қосалқы мердігерлердің жаңартылған құрамын келісе отырып, жазбаша түрде хабардар етуге.

4.1.29. Егер осы Шарттың орындалуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса, онда Тапсырыс берушіге келесі жылдың 15 қаңтарына қарай алдыңғы күнтізбелік жылға жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлеміне елішілік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есептелуін ұсынуға.

4.1.30. Сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу (тізбеге енгізілген жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу кезінде қолданылады, оларды орындау немесе көрсету кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылады). Мердігердің/Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау тараптардың қол қойған күніне дейін орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіні, сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінің (лерінің)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымның(дардың) тауарларды сатып алу туралы шарттың(тардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсыну болып табылады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Мердігердің/Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер/ Орындаушы Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(тардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауарды(ларды) қабылдау-тапсыру актісінің(лерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.31. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;



4.2.4. Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарын орындамауы нәтижесінде келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

4.2.5. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.7. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.8. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды





талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Шарт бойынша қызметтерді көрсететін персоналдың өндірісте жазатайым оқиғаға ұшырау фактісі туралы Орындаушыға дереу хабарлауға;

4.3.5. Шарт бойынша қызметтерді көрсететін персонал жазатайым оқиғаға ұшыраған жағдайда ҚР заңнамасымен көзделген қажетті шараларды қабылдауға, Орындаушыға жазатайым оқиғаны тергеп тексеруге жәрдемдесуге; Орындаушының жұмыскерлері шарттың міндеттемелерін орындау үшін қажетті Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік тәртіптерінің талаптарымен танысқаннан кейін Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындауға рұқсат беруге.

4.3.6. Орындаушының жұмыскерлерін объектіде қолданылатын «Өткізу және объектішілік тәртіптер туралы ереженің», еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт, газ, өнеркәсіптік қауіпсіздік, олардың өз функцияларын жүзеге асыруға қатысты бөлігінде талаптарымен, сондай-ақ «ПМХЗ» ЖШС-нің сапа, экология, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, активтерді басқару, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатымен», «Жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. 5S жүйесімен» және Тапсырыс берушінің кәсіпорнында қолданылатын және осы Шарт бойынша қызметтерді ұйымдастыруға және көрсетуге қатысты басқа да актілерімен таныстыруға;

4.3.7. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабарлар етуге міндеттенеді.

4.3.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Егер Орындаушы шарттық міндеттемелер талаптарын бұзып орындаған қызметтерді түзету бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Орындаушыға бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді толық немесе ішінара тоқтатуды тапсырып, жазбаша нұсқама береді.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушының көрсетілген Қызметтерді тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы актімен ресімделеді. Бұл актіге қос Тараптар қол қойып, кәсіпорынның мөрлерімен бекітіледі.

5.2. Актіде көрсетілген күн - көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру күні болып есептеледі.

5.3. Тапсырыс беруші Актіні алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызметтерді қабылдайды және оған қол қояды немесе Орындаушыға Қызметтерді көрсетуден жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдамаған





жағдайда Тараптар екіжақты акті жасайды. Бұл актіде қызмет көрсету кемшіліктері, сонымен қатар оларды жою талаптары мен мерзімдері көрсетіледі. Қызмет көрсетудегі кемшіліктерді Орындаушы өз тәуекеліне қарай және өз қаражаты есебінен жояды.

5.4. Егер Орындаушы қызметтерді шартпен белгіленген мерзімдерде аяқтамаса, сонымен қатар тиісті түрде қызмет көрсетпесе, немесе Орындаушы осы шарттың басқа да маңызды талаптарын бұзса, Тапсырыс беруші Орындаушыға қандай да бір төлемдерді, залалдарды өтемей, осы Шартты біржақты тәртіпте бұза (шарттан бас тарта) алады. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыға осы шартты бұзатын болжамды күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей алдын ала хабарлама жібереді.

5.5. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау кезінде Орындаушының Шарттың 4.1.27-тармағын қосалқы мердігерлерді тарту тәртібі мен көлемінің сәйкес келмеуі бөлігінде бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес Орындаушыны жауапкершілікке тартуға құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы:

6.1.1. Қызметтерді толық көлемде және шартпен белгіленген мерзімде көрсетуге;

6.1.2. Көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасына кепілдік береді. Бұл ретте кепілдік мерзімі Актілерге қол қойылған күннен бастап 12 ай, соның ішінде Тапсырыс беруші анықтаған ақауларды Орындаушы өз есебінен және өз күшімен жояды.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге _____ 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ _____ 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ _____ 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.


7.2.5. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарт талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.6. Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушының Шартты орындау үшін тартылған қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған жалақыны және шығыстарды ұлғайту бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.7. Қызметтердегі елішілік құндылықтың нақты есептеулерін ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге өткізілген әр күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарт сомасынан 10% аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.

7.2.8. Тапсырыс берушіге және/немесе үшінші тұлғаларға залал келтірілген немесе Тапсырыс берушінің жұмыскерлеріне және/немесе үшінші тұлғалардың жұмыскерлеріне, Тапсырыс берушінің мүлкіне және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілген жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші және/немесе үшінші тұлғалар шеккен барлық шығындарды, өсімпұлдарды, залалдарды, соның ішінде Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің және/немесе үшінші тұлғалар жұмыскерлерінің денсаулығын қалпына келтіруге байланысты шығындарды өтеуге міндетті.

7.2.9. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген





мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында, Орындаушы Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығындары жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы.

7.2.10. Елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Орындаушы Шарт сомасынан 5% мөлшерде, сондай-ақ орындалмаған елішілік құндылықтың әрбір 1% үшін 0,15% мөлшерде, бірақ Шарт сомасынан 10% аспайтын көлемде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.11. Орындаушы осы Шарт бойынша көзделген Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Орындаушы осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтер үшін келесі төлемнен айыппұл (өсімпұл) сомасын ұстап қалу құқығын береді.

7.2.12. Қызметтерді сапасыз көрсету анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шарттың бағасын көтермей және Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде кемшіліктерді, ақауларды өз күшімен жоюға міндетті.

7.2.13. Орындаушы ақаулар мен толық орындамауларды, Қызметтердегі анықталған кемшіліктерді уақытылы жоймағаны үшін Орындаушы мерзімі өткізілген әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтердің құнынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың сомасынан 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.14. Орындаушы Шарттың осы бөлімінде көзделмеген Шарт бойынша басқа да міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының міндеттемелерін бұзған әрбір жеке жағдайда Орындаушыдан Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.15. Қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқан немесе Орындаушының кінәсі бойынша қызмет көрсету мүмкін болмаған немесе Орындаушының бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда немесе осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа не Орындаушының Шарттың талаптарын бұзуына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.16. Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені үшін Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.17. Заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын, соның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құжаттарды сақтамауына байланысты Орындаушының кінәсінен туындаған уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша кез-келген негізде сот тәртібімен Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшалай сомаларды, шығындарды, айыппұлдарды өтеуге келіседі. Сондай-ақ Орындаушының, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің немесе олар тартқан тұлғалардың кез келген әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде немесе Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы шарттық қатынастардан туындаған Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың мүлкіне келтірілген барлық шығындар өтелсін.


7.2.18. Орындаушы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша Қызметтердің дұрыс көрсетілмеуіне байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу бойынша кез келген жауапкершілік пен міндеттемелерден қорғайды және босатады.

7.2.19. Мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар салған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге аталған айыппұлдарды, сондай-ақ Шарт бойынша Қызметтер тиісінше көрсетілмеуіне байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген шығындар мен залалды өтейді.

7.2.20. Шарттың 4.1.29 тармағында көзделген міндеттеме орындалмаған жағдайда, Мердігер/ Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер/жұмыстарды/қызметтерді орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдауды-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.21. Орындаушының жұмыскерлері Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарына сәйкес берілген рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлдірген) жағдайда, Орындаушы рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлінген) кездегі оның құнын (кәсіпорында қолданыстағы бағаларға сәйкес) өтеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге рұқсаттаманы жоғалтқаны (бүлдіргені) үшін әрбір жоғалған (бүлінген) жағдайға 3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.22. Шарттың 4.1.25-тармағының талаптары бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бұл айыппұлды Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар орындалған жұмыстардың қабылдануын-тапсырылуын растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін, Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. * (Тендерлік құжаттамада жұмыскерлердің жалақысының ең төменгі шегі белгіленген жағдайда). Шарттың талаптарына сәйкес Шартты орындау үшін тартылған Орындаушы жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын ұлғайту бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Орындаушы шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны





